

Тәрбиелеу - білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Мектепалды сыныбы:

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-24қазан 2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.10	Сейсенбі 22.10	Сәрсенбі 23.10	Бейсенбі 24.10	Жұма 25.10
Балаларды қабылдау.	<p>Сәлемдесу Мақсаты: топта сенім атмосферасын құруды жалғастыру; топтық үйлесімділік пен эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Әр бала өз атын айтады. Барлық басқа балалар, жаңғырық сияқты, оны қайталайды. . (Қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) «Күй күмбірі» : «Табиғат»күйі</p>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу « Дұрыс тамақтану,тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>«Табиғат мінезі» Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер» еркін сурет салу. Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. «Табиғат мінезі» жаттығуы (<i>айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет</i>)</p>	<p>Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу Мақсаты: трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сурет салу-шығармашылық қызмет)</p>	<p>Ойын– жаттығу: «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап Ойын:«Жер шары» Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю. (коммуникативтік, танымдық қызмет)</p>	<p>"Көңілді фигуралар" дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін қалыптастыру. (математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)</p>	<p>Үстел үсті театр ойыны: «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. (коммуникативтік, танымдық қызмет)</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Бірқатармен жүру. Жүрутүрлері: ұшымен, қолжоғары; өкшемен қолбасынартында;</p>				

	<p>Жүгіру түрлері: бір қатармен; екі аяқпен секіру, қол алдында. Шеңберге тұру. Б.қ. – н.т., қол иықта 1.Қол жоғары.2.Б.қ.3.Қол жоғары.4.Б.қ (5-6 рет) Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол жан-жаққа 1.Оң тізені жоғары көтеру.2.Б.қ.3.Сол тізені жоғары көтеру.4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ. – н.т., қолбелде 1.Оң жаққаенкею.2.Б.қ.3.Солжаққа еңкею.4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ.аяқтыкеңашыпөтыру, қолартындатірелеп 1.Оң аяқты көтеру.2.Б.қ.3.Солаяқты көтеру.4.Б.қ. (5-6 рет) Б.қ.- н.т., қолтөмен -4 екіаяқпенсекіру, қолшاپалақта (4 рет) Жүгіру. Бірқатарменжүру.Тынысалужаттығу«Сағаттар» - екіаяқты бос ұстап, қолынжіберу; түзуқолдарынілгерікейінқозғап «тик-так,тик-так» - депайту; мұрнымендемінішкетартып, дыбыспендемінсыртқашығарады (5-6 рет).</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық</p>	<p>Біртұтас тәрбие: Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы» Апта дәйексөзі:«Отаным - алтын бесігім!»</p>				
	<p>Қ.Р.энұранын орындау</p>	<p>«Затты сипатта» Мақсаты:заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. <i>(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)</i></p>	<p>« Шатыспақ » ойыны Мақсаты: есту қабілетін, есте сақтау, сезімталдығын, сөздік қорын дамыту</p>	<p>Ертеңгілік «Мен Отаныммен мақтанамын!» Мақсаты:отанға деген сүйіспеншілігін ояту</p>	<p>«Кім тапқыр?» Мақсаты: берілген тыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Мен білімді баламын Мақсаты: Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Мақсаты: Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру</p>	<p>Математика негіздері 10 саны Мақсаты:10 санын кері санау Міндеті: Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Отбасым- бақыт мекенім Мақсаты: Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға,</p>	

	<p>Міндеті: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Балалар, көңіл күйлерің қандай?» ойыны</p> <p>Мақсаты: Өз көңіл күйлерін эмоциямен, ым-ишарамен, қимыл-қозғалыспен көрсету</p> <p>«Танысу» ойыны</p> <p>Мақсаты: Әңгіме желісін тоқтатып, ықылас білдірген балаларға оқу құралдарының атрибуттарын кигізіп, қайсысы өзін қалай таныстыруы мүмкін диалогті сұрақ-жауап арқылы сахналап жалғастыруларын сұрау</p> <p><u>Математика негіздері</u></p> <p>10 саны және цифры</p> <p>Мақсаты: 10 санымен таныстыру. 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;</p> <p>Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру</p> <p>Ойын тапсырма.</p>	<p>Міндеті: Салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>«Салт дәстүрлер» Дид.ойын</p> <p>Мақсаты: Салт дәстүрлерді атай отырып, сөздердегі дыбыстарды талдау</p> <p>«Дауысты ма, дауыссыз ба?» Ойын-жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Дауысты дыбыстарды қызыл, дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілету</p> <p>Саусақ жаттығулары</p> <p>Үзік сызықтарды бастырып жазу</p> <p><u>Қоршаған ортамен таныстыру</u></p> <p>Менің туған өлкем</p> <p>Мақсаты: Туған өлкеге сүйіспеншіліктерін ояту</p> <p>Міндеті: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту</p> <p>«Туған өлкем» өлеңі</p> <p>Мақсаты: мәнерлеп оқуға үйрету</p> <p>Туған өлке тақырыбында мақал-мәтелдер айту</p> <p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Елордамыз – Астана</p>	<p>таныстыру</p> <p>«Реті бойынша сапқа тұр» ойын жаттығуы.</p> <p>0-9 цифрлары мен 10 цифры бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады</p> <p>Ойын жаттығуы</p> <p>«Цифрды жина» Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады.</p> <p><u>Сауат ашу негіздері</u></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Мақсаты: Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру</p> <p>Міндеті: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>«Айсұлудың ойыншықтары» ойын-жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Ойыншық атауларына дыбыстық талдау жасау</p> <p>«Менің добым» дид.ойыны</p> <p>Мақсаты: Доп сөзіне дыбыстық талдау</p>	<p>қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Санамақ:</p> <p>Бас бармағым – атам үйдің данасы</p> <p>Балан үйрек-әжем ошақ анасы.</p> <p>Орган тере әкем отау панасы</p> <p>Шылдыр шүмек-шешем шаңырақ ажары.</p> <p>Титей бөбек-мен бәріні базары.</p> <p>Ойын: Кім жоқ?</p> <p>Балалар тақтадағы суреттерді ажыратады. Отбасы мүшелерінің қайсысы жоқ?</p> <p>Бір-бірімізге ғажайып сөздер айтайық.</p> <p>Әжем</p> <p>Таусылмайды өлеңі, Күнде айтып береді. Барған сайын бір жаққа, Кәмпит алып келеді. Құттықтаймын гүл беріп, Өзімнің туған анамды. Адамдар күз ұл болып, Аналардан жаралды. (Тақпақты жаттау)</p> <p><u>Математика негіздері</u></p> <p>Қанша?</p>	
--	---	--	---	---	--

	<p>Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.</p> <p>«Сана» ойын жаттығуы. Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды ретімен 6,1 санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші.</p> <p>«Санамақ саусақтар» ойыны. Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра.</p> <p><u>Қазақ тілі</u> Ас атасы -нан</p> <p>Мақсаты: Балаларға нанның қайдан келетінін, оны қалай жасайтынын, оны кім өсіретінін және пісіретінін таныстыру</p>	<p>Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Міндеті: Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Мақсаты: Астана– еліміздің басқаласы. Біз Астана туралы жырлап, мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізу</p> <p>Елордам– Астана Киелі менің Елордам, Арудай сұлу таранған. Береке, бірлік, достықтың Тұнығынан нәр алған. Жайнай бер, жаңа Астанам, Ертегідей ғажап бас қалам. Ынтымақтың тербеп бесігін, Тәуелсіз ел көшін бастаған. Сәулеңді шаш еліңе, Нұрыңды төк жеріңе. Киелі менің Елордам, Бақ болып қонған төріме.</p> <p>Мнемокестедегі суреттер</p>	<p>жасату, доп туралы жұмбақтар шешкізу</p> <p>Саусақ жаттығулары</p> <p>Үзік сызықтарды бастырып жазу</p> <p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Арыстан мен тышқан</p> <p>Мақсаты: Сахналық қойылымға қатысуға жетелеу.</p> <p>Міндеті: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру</p> <p>Жұмбақ Айбарлы түсі бар, Қанжардай сұсы бар, Күжірейген жалды, Білсең айт бұланды? Үй ішін аралап, Т үнде көп жортады. Қаптарды жарады, Мысықтан қорқады Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз.</p> <p><u>Тілұстарту жаттығуы:</u> Аң-аң-аң –аң патшасы арыстан.</p>	<p>Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Қанша? Реті бойынша нешінші? сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру үйрету.</p> <p>Міндеті: Реті бойынша нешінші? Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>«Сандық эстафета» ойын жаттығуы. Топтық жұмыс. Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді.</p> <p>«Сапқа тұр» ойыны. 0-9 және 10 сандары бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші ... оныншы. Педагог қорытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадақтайды</p> <p><u>Қазақ тілі</u></p>	
--	---	--	---	--	--

	<p>Міндеті: Қазақ халқының мәдениеті егін шаруашылығына баулу және тұрмыстық заттар дән, тұқым, суару, ору, диірмен, орақ, кетпен, шал, ы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен толықтыру Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p> <p>Қазақ халқының мәдениеті үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе қой, ешкі малдарын бағып қарауға баулу.</p> <p>Видеоролик : «Нан дастарқанға қалай келеді?» (нанның қалай, қайдан шығарылатыны туралы түсінік беру).</p> <p>Халқымызда нанға байланысты әртүрлі тыйым сөздер бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нанды бір қолыңмен үзбе! 2. Нанды жерге тастама! 3. Нанды текке лақтырма! 4. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. 5. Нанды аяқ астына тастама. <p>Дидактикалық ойын: «Макарон моншақтар» Мақсаты: Қызыл және көк түстерге</p>	<p>арқылы тақпақты жаттатату</p> <p>Өлеңді 2-3 рет жоғары, орта, төмен дауыспен қайталату.</p> <p>Музыка</p> <p>«Алтынкүз» әні: Т. Кулинов а, сөзі Ә. Асылбек</p> <p>Мақсаты: Әнді дұрыс ритммен айтуға үйрету</p> <p>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ойын: «Ұзын құлақ сұр қоян»</p>	<p>Жұмбақ ойын: «Айна»</p> <p>Мақсаты: бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады.</p> <p>ертегіні сахналату.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Жүгіру.</p> <p>Мақсаты: Жүгіру дағыларын қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>«Түрлі түсті ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың</p>	<p>Ас атасы -нан</p> <p>Мақсаты: ересектердің еңбегін құрметтеуге, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p> <p>Міндеті: Қазақ халқының мәдениеті егін шаруашылығына баулу және тұрмыстық заттар дән, тұқым, суару, ору, диірмен, орақ, кетпен, шал, ы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен толықтыру Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p> <p>Қазақ халқының мәдениеті үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе қой, ешкі малдарын бағып қарауға баулу.</p> <p>Біз не білдік?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нанның бидайдан өсетінін. 2. Нанды қастерлеу керектігін. 3. Ұннан әртүрлі тағам түрлері әзірленетінін. 4. Нан - адамның тіршілік қорегі. 5. Нан - дастарханға еңбекпен келеді. <p>«Бауырсақ» ертегісін сахналау</p> <p>Музыка</p> <p>«Алтынкүз» әні: Т. Кулинова, сөзі Ә. Асылбек</p>	
--	---	--	---	--	--

	<p>боялған макарондар беріледі. Ұлдарға көк, ал қыздарға қызыл түсті моншақтарды жіпке тізбектеу ұсынылады. Қай топ бірінші аяқтаса, сол топ жеңіске жетеді.</p> <p><u>Дене шынықтыру</u> Жүгіру.</p> <p>Мақсаты: Жүгіру дағыларын қалыптастыру</p> <p>Міндеті: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>«Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын)</p>		<p>басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.</p> <p>Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады.</p> <p>Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады.</p> <p>Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады</p>	<p>Мақсаты: Әнді дұрыс ритммен айтуға үйрету</p> <p>Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ойын «Шапалақ» Мақсаты: Ритмге түсуді үйрету</p>	
--	--	--	---	--	--

	қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.				
Серуенгедай ындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарактарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	<p>Емдік шөптерді бақылау Мақсаты: - Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру • (экологиялықтәрбие беру) <p>Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды: -- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер? ◆ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе?</p>	<p>Күз көрністерін бақылау Мақсаты: Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру. (экологиялық тәрбие беру) Бақылау барысы Көркем сөз «КҮЗ» Қ . Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші</p>	<p>Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. (экологиялық тәрбие беру) Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. ◆Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? ◆Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) Қатты тастарды</p>	<p>Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты:табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; —бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. (экологиялықтәрбие беру) Бақылау барысы Көркем сөз Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев <i>Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап.</i></p>	<p>№ 4 САБАҚ. «ЛИФТИ (ЖЕДЕЛ САТЫ) МЕН КІРЕБЕРІСТЕГІ (ПОДЪЕЗД) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» Топ/сынып: мектепалды тобы/сынып (5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды лифті мен кіреберістегі тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелеріне үйрету, қауіпті жағдайлардың алдын алу. Міндеттері: • Балаларды лифті мен кіреберісте тәртіптің (қауіпсіздік) негізгі ережелерімен таныстыру. • Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету. • Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ету.</p>

<p>Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? (онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шапты қатайтады.)</p> <p>◆ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)</p> <p>◆ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар; итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй) • Шәйқұрайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда). <p>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен</p>	<p>сұрақтары: Қазір жылдың қай мезгілі? Неге күз деп ойлайсындар? Күзде ауа-райы қандай болады? Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? Зерттеу жұмысы Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Қ/О:«Ормандағы соқпақтар». Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары Мақсаты: жалпы</p>	<p>атаңдар? Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) Көмір не үшін керек? (отынға) Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) ◆ Қалай ойлайсындар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.) Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) Еңбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; Шығармашылық қиялын дамыту. Қ/О«Ұшты-ұшты». Мақсаты: Тәрбиешіні мұқият</p>	<p><i>Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ.</i></p> <p>Тәрбиеші сұрақтары. Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? Күздің келуімен олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ◆Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды,</p>	
--	--	---	--	--

	<p>алынады.. -- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады. Жолжелкен жапырақтарында А, К, С витаминдері бар және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.</p> <p>Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек; • Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; • Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;; • Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды. <p>Зерттеу жұмысы:</p>	<p><i>дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,</i></p>	<p>тыңдауға үйрету; Жаттығу ойындары Қозғалысты дамыту. <i>Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру</i> Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат» <i>Мақал-мәтел</i> Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.</p>	<p>жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.</i> Қ/О: «Түлкі мен қояндар». <i>Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу</i> Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту. <i>Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.</i></p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.</p> <p>Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау</p> <p>Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.</p> <p>Қ/О: «Қасқыр қақпан»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу</p>				
Серуенне оралу	<p>Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)</p> <p>«Энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)</p>				
<p>Балалардың бесәрекеті (баяуқимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>2. Ақшамшық (сақина салу) – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он – он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр</p>	<p>Қуыр-қуыр қуырмаш. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: ортаңғы саусағымды тапшы, – дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.</p>	<p>«Арқан тарту». Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартықанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.</p>	<p>Ақсерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.</p> <p>1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақсерек Бізден сізге кім керек.</p> <p>2-ші топ Ақсерек –ау ақсерек</p> <p>Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек</p> <p>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып порт асынан ұстасқанқ олдарды ажыратып кету керек.</p> <p>Егер өтіп кетсе сол топтан бір бала</p>	<p>8.«Орамал тастамақ». Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді..</p>

	сақинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.			ытобынаалыпқа йтады, өтеалмасасолтоп тақалады. Ойыносылайжал ғасабереді.	
Балалармен жекежұмыс	Картай Бекарысқазақша дыбыстарды айтқызу	Ералиева Жасмин	Картай Бекарысқазақша дыбыстарды айтқызу	Ералиева Жасмин	Картай Бекарысқазақша дыбыстарды айтқызу
Балалардың үйгеқайтуы	<p>Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.:</p> <p>- балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Ата-аналар бұрышында жол жүру ережелері туралы кеңес беру.</p> <p>«Мектеп жасына дейінгі балалардағы сөйлеуді дамыту дағдылары» педагогикалық консультациялар</p> <p>Менің елім - Мәңгілік ел! тақырыбында үйде әңгімелесу</p>				